

# *ПРЕЗЕНТАЦИЯ*

*Орындаған: Құттыбай Ұ.*

*Кабылдаған: Тастанбеков Б*

## *Шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар бойынша азаматтық іс жүргізу*

*ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ* дегеніміз — ОЛ ҚР-НЫҢ АЗАМАТТЫҒЫНДА ЖОҚ ЖӘНЕ БАСҚА МЕМЛЕКЕТТІҢ АЗАМАТТЫҒЫНДА БОЛАТЫН ТҰЛҒАЛАР.

АЛ ТҮРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕР ЗАҢЫ БҮЛ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТҮРҒЫЛЫҚТЫ МЕКЕН ЖАЙЫ ОРНАЛАСҚАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ЗАҢЫН ҚОЛДАНУДЫ АЙТАМЫЗ, ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЗАҢЫН ҚОЛДАНУҒА СЕБЕП БОЛҒАН 1804 ЖЫЛҒЫ ФРАНЦУЗ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ ОНДА ШЕТЕЛДЕ ЖҮРГЕН ,ФРАНЦУЗ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ МЕН АЗАМАТТЫҢ ЖАҒДАЙЫ ҰЛТТЫҚ ЗАҢМЕН АНЫҚТАЛАДЫ ДЕЛІНГЕН.

ҚР-НЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІНДЕ «ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ЗАҢЫ» АТТЫ АРНАЙЫ 1094- БАП БАР.

ҚР-НЫҢ ЗАҢЫ БОЙЫНША, ЖЕКЕ ТҮЛҒА ҚАЙ ЕЛДІҢ АЗАМАТТЫҒЫН АЛСА, СОЛ ЕЛДІҢ ҚҰҚЫҒЫ ОНЫҢ ЖЕКЕ ЗАҢЫ БОЛЫП САНАЛАДЫ.

АДАМНЫҢ ЕКІ НЕМЕСЕ ОДАНДА КӨП АЗАМАТТЫҒЫ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА АДАМ НЕҒҰРЛЫМ ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ ЕЛДІҢ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЖЕКЕ ЗАҢЫ БОЛЫП САНАЛАДЫ. МЫСАЛЫ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ АВСТРИЯ МЕН ТУРЦИЯНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС, ЕГЕР ТҮЛҒА БІРНЕШЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ АЗАМАТЫ БОЛСА, ОНЫҢ ЖЕКЕ ЗАҢЫ БОЛЫП БАЙЛАНЫСЫ ЖАҚЫНЫРАҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЗАҢЫ ТАБЫЛАДЫ.



ҚР- ДА ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТАРДЫҢ ӘРЕКЕТ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ ОНЫҢ ЖЕКЕ ЗАҢЫ АРҚЫЛЫ АНЫҚТАУ ҚАҒИДАСЫНА 3 ШЕКТЕУ БАР:

1. ҚР-НЫҢ АУМАҒЫНДА ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ МЕН АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МӘМІЛЕ ЖАСАУ МӘСЕЛЕСІ, ЯҒНИ ШЕТЕЛДІК АЗАМАТ ҚАЗАҚСТАНДА САТЫП АЛУ-САТУ, КЕПІЛ, АЙЫРБАСТАУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА КЕЛІСІМ ШАРТТАР ЖАСАСҚАННАН KEЙІН, ӨЗ ЖЕКЕ ЗАҢЫНА СІЛТЕЙ ОТЫРЫП ЯҒНИ ЖЕКЕ ЗАҢ БОЙЫНША ТИІСТІ ЖАСҚА ТОЛМАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАСАЛҒАН КЕЛІСІМ-ШАРТТАРДЫҢ ДҰРЫСТЫҒЫ МЕН ЗАҢДЫЛЫҒЫНА ДАУЛАСА АЛМАУЫ.

2. ҚР-СЫ АУМАҒЫНДА ШЕТЕЛ АЗАМАТЫНЫҢ ЗИЯН КЕЛТІРУ САЛДАРЫНАН ТУҒАН ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ АЗАМАТТЫҚ ӘРЕКЕТ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН АНЫҚТАЙДЫ.

3. ҚР-ДАҒЫ ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӘРЕКЕТ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ШЕКТЕУ, ОЛАРДЫ ХАБАР ОШАРСЫЗ КЕТТІ НЕМЕСЕ ҚАЙТЫС БОЛДЫ ДЕП ТАНУДЫ ҚР- НЫҢ ЗАҢНАМАСЫМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ.

# *Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың әкімшілік-құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері*


ҚР-НЫҢ АУМАҒЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДІКТЕР МЕН АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ АДАМДАР КОНСТИТУЦИЯДА, ЗАНДАРДА ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАРДА ӨЗГЕШЕ КӨЗДЕЛМЕСЕ, РЕСПУБЛИКА АЗАМАТТАРЫ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ҚҰҚЫҚТАР МЕН БОСТАНДЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНАДЫ, СОНДАЙ-АҚ МІНДЕТТЕР АТҚАРАДЫ.

ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ҚР-НЫҢ ЗАНДАРЫ ЕЛ КОНСТИТУЦИЯСЫНА НЕГІЗДЕЛЕДІ. СОҒАН СӘЙКЕС ҚР-ДАҒЫ ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ӘКІМШІЛІК - ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІНЕ ЖАТАТЫН НОРМАТИВТІК ЕРЕЖЕЛЕР «ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ» ҚР-НЫҢ 1995 Ж. 19-МАУСЫМДАҒЫ ЗАҢЫНДА, ҚР-СЫ ҮКІМЕТІНІҢ 2000 Ж. 28-ҚАҢТАРДАҒЫ ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН «ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТАРДЫҢ ҚР-СЫНА КЕЛУІНІҢ ЖӘНЕ БОЛУЫНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫҢ ҚР-НАН КЕТУІНІҢ ТӘРТІБІНДЕ» ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЗАҢ АКТІЛЕРІНДЕ, МЫСАЛЫ, ҚР-НЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҮЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІНДЕ ҚАРАЛҒАН.

ҚР-ДАҒЫ ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ, СОНДАЙ-АҚ ҚР-НЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАРЫМЕН ДЕ АНЫҚТАЛА АЛАДЫ. ЕГЕР ҚР-СЫ РАТИФИКАЦИЯЛАҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТА АТАЛҒАН ЗАНДАҒЫДАН ӨЗГЕШЕ ЕРЕЖЕЛЕР БЕЛГІЛЕНСЕ, ОНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ ҚОЛДАНЫЛАДЫ.

1995 Ж. 19-МАУСЫМДАҒЫ ЗАҢДА ШЕТЕЛДІКТЕР МЕН АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ АДАМДАРҒА КІМДЕР ЖАТАТЫНЫ АЙҚЫНДАЛҒАН. ҚР-НЫҢ АЗАМАТТАРЫ ЕМЕС ЖӘНЕ ӨЗІНІҢ БАСҚА МЕМЛЕКЕТТІҢ АЗАМАТТЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ЕКЕНДІГІНІҢ ДӘЛЕЛІ БАР АДАМДАР ҚР-ДАҒЫ ШЕТЕЛДІКТЕР БОЛЫП ТАНЫЛАДЫ.

# ШЕТ ЕЛ АЗАМАТТАРЫ МЕН АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ ТҮЛГЕЛАР БОЙЫНША АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ



ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ УАҚЫТША ТҰРАТЫН ЖЕРІ БОЙЫНША ӘДІЛЕТ ОРГАНДАРЫНДА ТІРКЕЛУГЕ МІНДЕҚР-ДА ӨЗГЕДЕЙ ЗАҢДЫ НЕГІЗДЕ ЖҮРГЕН, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚР-НЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНЕ СӘЙКЕС АУЫР НЕМЕСЕ АСА АУЫР ҚЫЛ-МЫСТАР ДЕП ТАНЫЛАТЫН ӘРЕКЕТТЕР ЖАСАЛУЫ САЛДАРЫНАН ЖӘБІРЛЕНУШІ ДЕП ТАНЫЛҒАН ШЕДЕЛДІКТЕР ҚР-ДА УАҚЫТША ЖҮРГЕН ДЕП ЕСЕПТЕЛЕДІ. ОЛАР ҚР-НЫҢ АУМАҒЫНА КЕЛГЕН СӘТТЕН БАСТАП ҮШ ТӘУЛІКТІҢ ІШІНДЕ БЕЛГІЛЕНГЕН ТӘРТІППЕН ТӨЛҚҰЖАТЫН ТІРКЕУГЕ ЖӘНЕ ӨЗДЕРІНЕ БЕЛГІЛЕНГЕН БОЛУ МЕРЗІМІ ӨТКЕН СОҢ ҚР-НАН КЕТУГЕ МІНДЕТТІ.

ЖОҒАРЫДА АТАЛҒАН ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРДЕ ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ҚР-НА КЕЛУІ МЕН КЕТУІНІҢ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ БЕКІТІЛГЕН. ШЕТЕЛДІКТЕР, ЕГЕР ҚР-НЫҢ ТИІСТІ ТАРАППЕН КЕЛІСІМІНДЕ ӨЗГЕШЕ ТӘРТІП БЕЛГІЛЕНБЕСЕ, ЖАРАМДЫ ПАСПОРТЫМЕН НЕМЕСЕ ОНЫ АЛМАСТЫРАТЫН ҚҰЖАТТАРЫМЕН ҚР-НЫҢ КЕЛУ ВИЗАСЫ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛЕ АЛАДЫ.

ШЕТЕЛДІКТЕР МЕН АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ АДАМДАР ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫ СИЯҚТЫ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ЗАҢДЫҚ МІНДЕТТЕР ОРЫНДАЙДЫ. ҚР-ДА ТҰРАҚ-ТЫ ТҰРАТЫН ШЕТЕЛДІКТЕР ЗАҢДАРДА КӨЗДЕЛГЕН ТӘРТІППЕН ТТІ.



ШЕТЕЛДІКТЕР ЗАҢНАМАДА ҚАРАЛҒАН КЕЙБІР ЖАҒДАЙЛАРДА ҚР-НЫҢ ШЕГІНЕН ҚУЫЛУЫ МҮМКІН: ЕГЕР ОНЫҢ ІС — ӘРЕКЕТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАУІП-СІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ НЕМЕСЕ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУ МҮДДЕЛЕРІНЕ ҚАЙШЫ КЕЛЕТІН БОЛСА; ЕГЕР БҰЛ ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН АДАМҒЕРШІЛІК ҚАСИЕТТІ САҚТАУ, ҚР-СЫ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ҮШІН ҚАЖЕТ БОЛСА; ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕДЕНДІК, ВАЛЮТАЛЫҚ НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ ЗАҢДАРЫН БҮЗСА; ЕГЕР ҚР-НЫҢ АЗАМАТЫМЕН НЕКЕГЕ ТҮРУЫ ОНЫ ҚАЗАҚСТАНДА ТҮРАҚТЫ ТҮРУГА ҚАЛДЫРУ ҮШІН НЕГІЗ БОЛЫП ТАБЫЛЫП, ЗАҢ АКТИЛЕРІМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ТӘРТІППЕН НЕКЕ ЗАҢСЫЗ ДЕП ТАНЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА. МҮНДАЙ ӘКІМШІЛІК ЖАЗА ШАРАСЫ ӘКБТК-ТІҢ 394-6. ҚАРАЛҒАН

«ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ» ЗАҢНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЕГЕР ҚР-НЫҢ ЗАҢ АКТИЛЕРІНДЕ ӨЗГЕШЕ БЕЛГІЛЕНБЕГЕН БОЛСА, АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ АДАМДАРҒА ДА ҚОЛДАНЫЛАДЫ.

БҰЛ ЗАҢНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ ШЕТЕЛДІК ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОНСУЛДЫҚ ӨКІЛДІКТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗАҢДАРЫ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАРЫНДА БЕЛГІЛЕНГЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ИММУНИТЕТТЕРІНЕ ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ.